

Шоқан Уәлихановтың Жапонияға қатысты зерттеулері

Б.Қ. Ақын, Ә. Айтмағамбетова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

E-mail: baggiv@rambler

Түйін. Бұл мақалада Ш. Уәлихановтың Жапония туралы картографиялық мағлұматтарын зерттеу мәселелері қарастырылады. Мақала авторлары Ш.Уәлихановтың Күншығыс елі провинцияларының кейбір елді мекендерінің картаға енгізілуінің аспектілерін нақтылады. Сондай-ақ ғалымның енгізген мәліметтерінің қазіргі жапон картасындағы ұқсас тұстары салыстырылды.

Даланың ұлы ғалымының өмірі мен еңбектері бір жарым ғасыр бойы оларға деген үлкен қызығушылық танытып келеді. Ш. Уәлиханов мұрасы соншалықты әр алуан, тіпті оның зерттеуіне көптеген кәсіптің мамандықтары енген, яғни ол тарихшы, әдебиеттанушы, географ, елтанушы, экономист, өнертанушы және, ең бастысы, шығыстанушы болған.

Соның ішінде осы жұмыстың арқауы болып отырған тақырып – Ш. Уәлихановтың картографиялық зерттеулері. География ғылымдарының докторы, профессор А.С. Байсенова «Первооткрыватели» (1987 ж.) кітабында Уәлихановтың зерттеген елдері мен жерлерінің картографиясына қосқан зор үлесін айта отырып, ғалымның «мұрағатында көбі күні әлі бүгінге дейін зерттелмей, мағынасы ашылмаған немесе қайта құрастырылмаған сызбалар мен карта нобайлары сақтаулы [1, 95 б.]. Сондықтан ғалымның еңбектерінің нақ осы тұсы қазіргі уақытта аз зерттелген. Шоқан Уәлихановтың картографиялық жұмыстары толығымен бірге жинақталмаған. Бұл материалдарды жинау және зерттеу – келешектің ісі» деп атап көрсетеді.

Осы орайда Ш. Уәлихановтың картографиямен байланысты маңызды еңбегі бар. Ш.Ш. Уәлихановтың бес томдық шығармалар жинағының 4-томында оның «Ішкі Азия картасы» және «Жапония картасына қатысты естелік» атты қолжазбалары басылған. Ғалымның бұл еңбектері біз үшін қандай қызығушылық тудырады деген сұрақ туындайды.

Жапония картасына байланысты мақаласында Шоқан қолына түскен ақпаратты жария етеді. 1860 жылдардан бері Ш. Уәлиханов 1820 жылы

құрылған, алғашында Азия комитеті, кейін Азия департаментінде қызмет атқарады. Тағы да ол Бас Штабтың Әскери-оқыту комитетінде, Географиялық қоғамда Орталық Азия және Шығыс Түркістанның карталарын құрастырумен айналысты. Сондықтан осы уақытта ол Петербургте, Ресейдің зиялы қауымымен байланысы тығыз болады.

Тарихқа үңілсек, 1639 жылдан бастап шетелдіктерге Жапонияға кіруге рұқсат болған жоқ. Қытайлық және голландтық кемелердің басқасына елдің барлық порттары жабық болды. Жапония жерінен барлық католиктік миссионерлер қуылды, христиан діні қатаң қуғынға ұшырап, барлық жапон аймағында ол түбімен жойылды. Тек 1854 жылы Тынық Мұхитының бассейнінде саяси және сауда экспансиясын кеңейтуді көздеген Батыс державаларына өз шекарасын ашуға мәжбүр болады. 1852-1855 жылдары Ресей империясының елшісі вице-адмирал Ефим Васильевич Путятин «Паллада» фрегатында Жапониямен дипломатиялық байланыс жасау үшін орыс миссиясын басқарады, 1855 жылы келісім мен достық қарым-қатынас туралы орыс-жапон шартына қол қояды. Ресей кемелеріне Симода, Хакодатэ, Нагасакидағы порттар ашылады.

Міне, осы тарихи оқиғадан кейін 5-6 жыл өткен кезде Ш. Уәлиханов Қашқарияға саяхатынан оралып келіп, Петербургте жұмыс істеп жүреді. Сондықтан Шоқан қалыптасқан әрі қызығушылығы мол ғалым ретінде сол уақытпен салыстырғанда Жапонияны ашу деген сияқты феноменді құбылысты айналып өте алмады және де бұл тапсырманы Сыртқы Істер министрлігінің Азия департаменті тапсырған болуы мүмкін.

Бірақ, өкінішке орай, естеліктің қайдан алынғаны көрсетілмеген.

Естеліктің мазмұны келесідей:

«Жапонияның үлкен картасы – Фитацу провинциясында тұратын Цё-дэн-син-си Гикоудың еңбегі. Картаның түпнұсқасының түсініктеме ескертпесі бойынша, ол картаны құрастыруды 1775 жылы немесе Анье деп аталатын кезеңнің 5 жылы аяқтаған және карта 1778 жылы Эдода жарық көрген. Автордың айтуы бойынша, карта теңіз қызметінде жүрген Жапония азаматтарының ендік пен бойлықтарды бақылау негізінде жасалған. Ендіктерге келсек, олар толығымен сәйкес келеді деуге болады; ал бойлықтардың нақтылығында кемшіліктер бар. Автор картаның қай жеріне болсын ендік градустары белгіленген шаршылар қойса да, бойлықтар сәйкес келген жоқ. Жапония астанасы Эдо 8° және 9° шығыс бойлықтар арасында орналасатындай етіліп, Нагасаки меридианы бойынша есептелген.

Жапонияның солтүстік шеткі нүктесі арқылы өтетін ендік 41° с.е., ал Сацума провинциясынан өтетін оңтүстік шеткі нүктесі 31° с.е. сәйкес келеді.

Картада Жапония 64 провинция немесе префектураға бөлінеді. Әдетте империя 7 үлкен провинцияға бөлінеді. Картада олардың бөліктері көрсетілген, толығырақ:

I. Гокинай немесе 5 ішкі провинция:

1. Ямасиро
2. Ямато
3. Кавацци
4. Идзуми
5. Сецу

II. Токайдо немесе шығыс теңіз провинциясы:

1. Инга немесе Ига
2. Исе
3. Сима
4. Овари
5. Микава
6. Тоотоми
7. Сурунга
8. Каи
9. Ису
10. Сангами
11. Мусаси
12. Ава
13. Кудзуда
14. Симооса
15. Фитацу

III. Тоосандо, шығыс таулар провинциясы:

1. Ооми
2. Мино
3. Фида
4. Синано

5. Кооцуке
6. Симоцуке
7. Муцу
8. Дева

IV. Фоку рокондо, солтүстік провинциялар:

1. Вакаса
2. Йецисен
3. Канья немесе Кайя
4. Ното
5. Йецион
6. Йециндо
7. Садо

V. Сайниндо, батыс халықтар провинциясы:

1. Тамба
2. Танго
3. Тассима
4. Инаба
5. Фооки
6. Идзумо
7. Иами
8. Ооки

VI. Санёдо, солтүстік-батыс провинциялары:


1. Фарима
2. Имасака
3. Бисен
4. Бицин
5. Бинго
6. Аки
7. Цоно
8. Нунгата

VII провинцияның тізімі түпнұсқада жоқ. Ол құжаттың сақталып қалмаған келесі бетінде болуы тиіс еді».

Қазіргі заманғы карталармен салыстыратын болсақ, Шоқан Уәлихановтың қолына түскен картаның авторы ендіктерді дұрыс белгілеген деп айтуға да болады. Себебі картаның авторы Нагасакиді нольдік меридиан деп есептеген болса, Нагасакиден Эдоға дейін 8° немесе 9° ш.б., қазір Нагасаки 130° шығыс бойлықта болса, Токио 139° ш.б., яғни шамамен аралықтары сол 9° [2, 30 б.].

Түйіндей отырып, зерттеушінің 140 жылдай бұрын жазған «Ішкі Азия картасы» мен «Жапония картасына қатысты естелік» жұмыстары Шоқан Уәлихановты еңбектерін Жапонияға арнаған және Орта Азия елдерінің картасын құрастыру кезінде Жапония энциклопедияларының мәліметтерін қолданған алғаш қазақ ғалымы екеніне көз жеткізуге болады.

Ғалымның өзі де: «Расында да, Орта Азия туралы біздің географиялық әдебиетіміздегі адастырушы және қарсы келетін мәліметтер бұл елді шын мәніндегі «терра инкогнита» қылмаса да, ең болмағанда, шешімі қиын ғылыми ребусқа ай-



III. Уәлихановтың Жапония картасы туралы қолжазбасы

налдырады», – дейді. Міне, осындай ғылыми ребус қазақ шығыстанушысының ғылыми мұрасында да кездеседі [3, 4 б.].

Қазіргі заманда қазақ-жапон қарым-қатынасы көптеген бағытта қанатын кең жайып, әріптестіктің тұрақты іргетасы қаланып жатқан уақытта Шоқан Уәлихановтың еңбегі өз бағасын табады деген ойдамыз.

Әдебиеттер

1. Бейсенова А.С. Первооткрыватели. – Алма-Ата, 1987. – 152 с.
2. Собрание сочинений Ч.Ч. Валиханова. 4-том. – Алматы, 1985. – 394-б.
3. Сыдықов Е. «Терра инкогнита» Чокана Валиханова [Текст] / Е. Сыдықов, О. Султанов // Казахстанская правда. – 2001. – 2 августа.

**Б.Қ. Ақын, А. Айтмағамбетова
Исследования Японии Шоқаном Уәлихановым**

В данной статье рассматриваются вопросы изучения Ш. Уәлихановым картографических данных о Японии. Авторы статьи уточнили аспекты нанесения на карту Ш. Уәлихановым некоторых населенных пунктов провинции Страны восходящего солнца. Также проведена параллель между сведениями, введенными ученым, и современным расположением указанных населенных пунктов.

The studies of Japan by Shokan Ualihanov

The article deals with the study by Sh.Ualihanov the map data for Japan. The authors clarified aspects of mapping by Sh.Ualihanov some localities of provinces of the Land of the Rising Sun. They also compared the information entered by scientist and modern disposition of these settlements.